- Температура мен ылғалдылықтың кенеттен өзгеруіне жол бермеңіз.

4 ыдыс-аяқ жиынтығының ең жоғарғы санынан асырмаңыз.

ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ, В СУР.

- Құрылғы қаптамасын ашыңыз және барлық орау материалын алып тастаңыз.
- Керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Құрылғы ішіндегі судың ағуы мен дақтарының болуы қалыпты құбылыс болып табылады.
- Зауыттық қаптаманы сақтап қойыңыз.
- Құрылғыда ақаулар мен деформациялардың болуына тексеріңіз.
- Аспапты өткізілген су кранына, суды кәрізге ағызу саңылауына жақын жерде орнату ұсынылады.
- **Құрылғыны тек суық су желісіне қосыңыз.**
- УАспапты қабырғаға/жиһазға дейінгі қашықтықты сақтай отырып, аспапты желдету және есіктің еркін ашылуы үшін жеткілікті орын қамтамасыз ете отырып, көлденең тегіс термотөзімді бет үстіге орнатыңыз, В-1 сур. **Бұл аспапты кіріктіруге тыйым салынады, А сур.** Аспап бет үстінде сырғып кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты еденге орнату ұсынылмайды, В-1 сур.
- Желдету саңылауларын бұғаттау аспаптың зақымдануына әкелуі мүмкін. Түбіндегі желдету саңылаулары (егер конструкцияда көзделсе) кілеммен жабылмауы керек.
- Аспапты розеткаға қолжетімдік бос болатындай етіп орнатыңыз.
- Аспапты жаппаңыз және оған бөгде заттарды қоймаңыз.

- **Аспап су құбырына тек жаңа құбыршектер жиынтығымен қосылуы керек; ескі құбыршектер қайта пайдаланылмауы тиіс.**

- **Аспапты жерге тұйықталған желілік розеткаға қосыңыз, А сур. Жалғағыш электр кәбілінен жерге тұйықтағышты алып тастауға тыйым салынады.**

Су қысымы:

- Кем дегенде 0,03 Мпа (0,3 бар)
- Көп дегенде 0,6 Мпа (6 бар)
- Су қысымы аса жоғары болған кезде: кіреберісте редукциялық клапанды орнатыңыз.

- Алғаш рет қолданудан бұрын аспап корпусын құрғақ және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Қосудан бұрын аспаптың розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Су ағызу құбыршегін қосу

1. Су ағызу құбыршегіне «қос сым қысқышын» кигіңіз, В-3 сур.
2. УСу ағызу құбыршегін ыдыс жуғыш машинаның су ағызу саңылауына орнатыңыз және «қос сым қысқышымен» бекітіңіз.

   Су ағызу құбыршегінің бұралып, қысылып, ілмектер, түйіннің пайда болмайтынына назар аударыңыз, В-1 сур.
3. Су ағызу құбыршегінің екінші ұшын диаметрі кемінде 40 мм кәріз құбырына қосыңыз немесе қолжуғыштың сифонына, қосыңыз В-2 сур.

Ескертпе: Су ағызу құбыршегінің бос ұшы 400-ден 1000 мм-ге дейін биіктікте болуы керек және судың кері ағынын болдырмау үшін суға батырылмауы керек.

Қажет болған жағдайда, су ағызу құбыршегін ұйымдастыру және оны шұңғылша астына қосу үшін ас үйдің үстелінде тесік жасаңыз.

Су беру құбыршегін қосу, В-4 сур

1. Су беру құбыршегінің майыспағанына және бұралмағанына көз жеткізіңіз.
2. Су арыны жоғары болған кезде, кіреберісте редукциялық клапанды орнатыңыз.
3. Суық су беру құбыршегін ¾ дюймдік бұрандалы қосылысы бар магистральға жалғаңыз және қосылыстың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Бұранданы зақымдамау үшін тым көп күш салмаңыз.

Ескертпелер:

- Егер су құбыржолдары жаңа болса немесе ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмаса, судың таза және ластанбағанына көз жеткізу үшін суды ағызыңыз. Әйтпесе, су қабылдағыштың бұғатталып қалу қаупі бар және аспап зақымдалуы мүмкін.
- Егер ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбасаңыз, су беруді өшіріңіз.

Су ағызу құбыршегін және су беру құбыршегін қосқаннан кейін аспаптың айырын розеткаға қосыңыз. Алғашқы жуу циклынан кейін еш жерде су ақпайтынына көз жеткізіңіз, В-5 сур.

ТОЛЫМДАЛУЫ, С сур

1. Ыдыс жуғыш машина ..... 1 дана
2. Су беруге арналған құбыршек ..... 1 дана
3. Су ағызу құбыршегі ..... 1 дана
4. Ас үй құралдарына арналған себет..... 1 дана
5. Ыдысқа арналған себет ..... 1 дана

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық ..... 1 дана

КОНСТРУКЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ, D сур.

1. Ыдысқа арналған себет
2. Жуғыш құралға арналған бөлім (DW4001TD үшін)
3. Басқару панелі
4. Желдеткіш саңылау
5. Бүріккіш
6. Есік
7. Ағызу саңылауы
8. Су беру құбыршегіне арналған саңылау
9. Электр қуат көзінің кәбілі

ПАЙДАЛАНУ

Басқару панелі, D-3 сур.

– **Қосу/сөндіру** түймесі

– **Жылдам** жуу бағдарламасы

– **ECO** бағдарламасы

– **Қарқынды** жуу бағдарламасы



– Дисплей (DW4001TD)

Дисплейдегі индикация:

- **жуу температурасы,** бағдарламаны таңдағаннан кейін жанады
- **бағдарлама циклын орындау уақыты** бағдарламаны таңдағаннан кейін жанады

Ескертпе: Бағдарламаны таңдағаннан кейін температура мен уақыт индикаторлары кезекпен көрсетіледі.

- **коды ошибок**

– **Шаю/аралық** жуу бағдарламасы

– **«СІЗДІҢ ТАҢДАУЫҢЫЗ»** бағдарламасын іске қосу

– **Стерилизация** бағдарламасы

– **Старт/пауза:** ыдыс жуғыш машинаны іске қосу немесе тоқтата тұру үшін түймені басыңыз.

Тек DW4001TD үшін: Аспапты қосқаннан кейін бағдарлама жұмысын болдырмау және құту режиміне өту үшін түймені басып, оны 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ (Бағдарламалардың саны ыдыс жуғыш машинаның үлгісіне байланысты)

Бағдарлама	Сипаттамасы	Цикл кезеңдері	Бағдарламаның жұмыс уақыты, мин.	Тұтынылатын электр энергиясы (кВт/сағ)	Пайдаланылатын су көлемі (л)	Жуу құралының көлемі (г)
Жылдам жуу	Әлсіз ластанған ыдысты жылдам жуу	Негізгі жуу (50° С) Ыстық сумен шаю 1 Ыстық сумен шаю 2	28	0,30	3,9	6-10
ECO бағдарламасы	Орташа ластанған ыдысқа арналған стандартты бағдарлама. Энергия тұтыну және су шығыны тұрғысынан ең тиімді.	Негізгі жуу (55° С) Суық сумен шаю Ыстық сумен шаю 1 Ыстық сумен шаю 2 Кептіру	139	0,46	5,0	9
Қарқынды жуу	Қатты ластанған ыдысты уу (тағам кеуіп қалған кәстрөлдер, табалар, дыстар)	Негізгі жуу (50° С) Ыстық сумен шаю 1 Ыстық сумен шаю 2 Ыстық сумен шаю 3 Ыстық сумен шаю 4 Кептіру	147	0,58	6,8	6-10
Шаю/аралық жуу	Кейігірек жууды жоспарлайтын ыдысты алдын ала жуу/шаю.	Негізгі жуу (35° С) Суық сумен шаю Кептіру	14	0,04	2,7	–

Бағдарлама	Сипаттамасы	Цикл кезеңдері	Бағдарламаның жұмыс уақыты, мин.	Тұтынылатын электр энергиясы (кВт/сағ)	Пайдаланылатын су көлемі (л)	Жуу құралының көлемі (г)
Стерилизация	Ыдысты жоғары су температурасымен жуу. Балалар тағамы бөтелкелерін, құтылар және т.б. жуу үшін қолайлы.	Негізгі жуу (72° C) Кептіру	30	0,24	1,3	0-10
«Сіздің таңдауыңыз» бағдарламасы	Бағдарлама жеке жуу уақытын көздейді. 10 минуттен 60 минутке дейін 6 нұсқа. Түймені әрбір кейінгі басқан сайын уақыт өзгереді. Камераның көмескі жарығын активациялау үшін түймені басып, 3 сек. басып ұстап тұрыңыз. Көмескі жарық автоматты түрде қосылады.	Негізгі жуу (50° C)	10	0,09	1,4	0-10
		Негізгі жуу 1 (50° C) Негізгі жуу 2 (50° C)	20	0,16	2,7	
		Негізгі жуу 1 (50° C) …. Негізгі жуу 3 (50° C)	30	0,23	4,0	
		Негізгі жуу 1 (50° C) …. Негізгі жуу 4 (50° C)	40	0,27	5,4	
		Негізгі жуу 1 (50° C) …. Негізгі жуу 5 (50° C)	50	0,34	6,7	
		Негізгі жуу 1 (50° C) …. Негізгі жуу 6 (50° C)	60	0,40	8,1	

Ескертпе: «Стерилизация» бағдарламасы дербес жеке бағдарлама ретінде және келесі бағдарламалар үшін қосымша функция ретінде қолдануға болады: Қарқынды жуу, жылдам жуу, ECO бағдарламасы. “Стерилизацияны” қосымша функция ретінде іске қосу үшін түймесін басып, 3 секунд басып тұрыңыз. Бұл жағдайда негізгі бағдарлама аяқталғаннан кейін ол автоматты түрде іске қосылады.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

1. Су ағызу құбыршегін және су беру құбыршегін қосқаннан кейін аспаптың айырын розеткаға қосыңыз. Су беру кранын ашыңыз.
2. Есікті ашып, ыдыс-аяқ себетін сырғытыңыз. Себетті жүктеу бойынша ұсыныстарды ескере отырып, оған лас ыдыстарды салыңыз. **Ірі тамақ қалдықтарын алдын-ала алып тастауды ұмытпаңыз!** Шанышқылар мен пышақтарды ас құралдарына арналған арнайы себетке салыңыз.
3. Ыдыс-аяқтарды орналастырғаннан кейін себетті ыдыс жуғыш машинаға салыңыз.
4. Жуғыш құралдың қажетті мөлшерін арнайы бөлімге салыңыз, Е-5 сур. немесе тікелей ыдыс жуғыш машинаға салыңыз. Сіз сұйық жуғыш құралды, таблетканы немесе ұнтақты пайдалана аласыз.

Автоматты ыдыс жуғыш машинаға арналған арнайы жуғыш құралды (оның ішінде «1 ішінде 3») пайдаланыңыз. Еш жағдайда ыдыс жуғыш машинада сабын, кір жуғыш ұнтақ, ыдыс/қол жууға арналған сұйықтық немесе еріткіш қолданбаңыз.

Ескертпе: Ұнтақты жуғыш құралдарды жуу бағдарламасын іске қосудан бұрын бірден бөлікке (немесе ыдыс жуғыш машинаның ішіне) салыңыз.

Ыдыс жуғыш машиналарға арналған жуғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

5. Ыдыс жуғыш машинаның есігін жабыңыз. Есіктің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз. Есік толығымен жабылған кезде, аздаған шертпек естисіз.
6. түймесін басып, ыдыс жуғыш машинаны қосыңыз.
7. , , және т.б. тиісті түймені басу арқылы қажетті бағдарламаны таңдаңыз. Содан кейін бағдарламаны іске қосу үшін түймесін басыңыз.
8. Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін бірнеше дыбыстық сигналдар естіледі. Аспапты түймесі арқылы қосып, су берілуін жауып, ыдыс жуғыш машинаның есігін ашыңыз. Ыдыстарды түсіруден бұрын бірнеше минут күтіңіз. Ыстық тәрелкелер зақымдарға сезімтал. Оларды 10-15 минут ішінде суытыңыз.

Жуу бағдарламасын іске қосқаннан кейін ыдыс-аяқтарды толықтыру

1. Егер ыдыс жуғыш машинаның есігін жұмыс істеп тұрған кезде, ұмытылған ыдысты толықтыру немесе алып шығу үшін, түймесін басып, жуу бағдарламасы тоқтағанға дейін күтіңіз. Содан кейін есікті абайлап ашыңыз.

Есікті ашқан кезде ыстық бу мен судан сақ болыңыз.

2. Себетті шығарып, қажетті ыдыстарды салыңыз.
3. Себетті сырғытыңыз, есікті шертпекке дейін мықтап жабыңыз, ⏯ түймесін басыңыз. Машина бірнеше секундтан кейін жұмысын жалғастырады.

Ескертпе: Таңдалған бағдарламаны тек жуу процесінің басында ғана өзгертуге болады. Әйтпесе, жуғыш құралы еріген және судың төгілген болу ықтималдығы бар.

DW4001TD: Бағдарламаны өзгерту үшін ⏯ түймесін басып, 3 секунд ұстап тұрыңыз, машина күту режиміне өтеді. Тиісті түймені пайдаланып қажетті бағдарламаны таңдаңыз. ⏯ түймесін басып, жуу процесін бастаңыз.

DW4002TD: Бағдарламаны өзгерту үшін ⏯ түймесін, содан кейін ⏻ сөндіру түймесін басыңыз ⏻ түймесін басып, машинаны қосыңыз. Қажетті бағдарламаны таңдап, ⏯ түймесін басып, жуу процесін іске қосыңыз.

ЫДЫС ЖУУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Назар аударыңыз, барлық ыдыс-аяқ ыдыс жуғыш машинада жууға жарамайды. Сатып алудан бұрын ыдыстың немесе қаптамасындағы таңбаны қадағалаңыз. Жоғары температура мен арнайы жуғыш заттың үйлесімі кейбір бұйымдарды ыдыс жуғыш машинада жуу кезінде зақымдануға әкелуі мүмкін. Ыдыс жуғыш машинада жууға қатысты кез-келген күмән туындаған жағдайда, ыдыс-аяқтың таңбалануын қараңыз немесе қолмен жуыңыз.

⚠ Ыдыс жуғыш машинада жуу ұсынылмайды	
Ағаш ыдыс	Ағаш ас құралдары, ыдыс-аяқ, кесу тақталары, ағаш тұтқалар жоғары температурада деформациялануы немесе жарылуы мүмкін.
Пластик	Жоғары температураға шыдамайтын пластмасса ыдыс. Ыдыс-аяқтың түсі, пішіні өзгеруі немесе жарылуы мүмкін.
Керамика	Ескі керамикалық ыдыс-аяқ, түрлі-түсті көркем безендірілген ыдыс-аяқ, алтын жақтаудағы ыдыс-аяқтар күңгірттеніп, түсін өзгертуі мүмкін.
Шыны	Қазіргі заманғы шыны ыдыстардың көпшілігін ыдыс жуғыш машинада жууға келеді. Шынының кейбір түрлерінен жасалған ыдыс-аяқтар, мысалы, хрусталь немесе өте жұқа, коррозияға ұшырауы, лайлануы, мөлдір болмауы мүмкін.
Тот баспайтын болат, алюминий және оның қорытпалары	Алюминийден жасалған ыдыс-аяқ, ет тартқыштың алюминий бөлшектері, сарымсақ езгіштер, қаңылтыр табалар, кәстрөлдер және т.б. жуғыш құралдар мен жоғары температураның әсерінен қолда із қалдыратын қара сұр жабын алады. Оңай тот басуы мүмкін металл бұйымдарды ыдыс жуғыш машинаға салуға болмайды. Мыс, қалайы және жез дақтардың пайда болуына бейім. Мұндай, сондай-ақ күміс немесе алтынмен жалатылған бұйымдарды қолмен жуыңыз.

ЫДЫС-АЯҚ СЕБЕТТЕРІН ЖҮКТЕУ

Ыдыс жуғыш машинаның тиімділігін арттыру үшін ыдыс-аяқтарды себеттерге салу бойынша ұсыныстарды орындаңыз.

Ыдыс-аяқтарды себеттерге салудан бұрын, ірі немесе күйіп қалған тамақ қалдықтарын алып тастаңыз.

Себеттерді жүктеу нұсқасы, E-2 сур.

Барлық ыдысты бүріккіштің жұмысына кедергі келтірмейтіндей етіп орнатыңыз:

- Шыныаяқтар, бокалдар, стақандар және т.б. ұқсас ыдысты сыйымдылықтың ішіне су жиналмауы үшін төңкеріп қойыңыз.
- Су ағып кетуі үшін тәрелкелер, ыдыс-аяқтар, табаларды көлбеу қойыңыз.
- Ас құралдарын (шанышқылар, қасықтар, пышақтар және т.б.) бөлек арнайы себетке салыңыз, E-1 сур.
- Үлкен өлшемді ыдыс-аяқты қою үшін себетте қатармен салып, кеңістікті арттыра аласыз, E-3, 4 сур.
- Барлық ыдыс-аяқ құлап кетпеуі үшін сенімді орналасуы керек.
- Ыдыс-аяқ пен аспаптарды бір-біріне немесе басқа заттардың үстіне қоймаңыз.
- Бокалдар жанаспауы керек, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.
- Өткір заттарды есіктің тығыздағышына зақым келтірмейтіндей орналастырыңыз.

Өткір пышақтарды тұтқаларын жоғары қаратып салыңыз немесе кесу қаупін азайту үшін көлденең орналастырыңыз, E-1 сур.

Ешқандай заттар себептің түбінен шықпайтынына көз жеткізіңіз, E-1 сур.

Ескертпелер:

- Ыдыс жуғышта күл, шам балауызы, лак немесе бояумен ластанған заттарды, сондай-ақ ысқыштар, сүлгілерді және т.б. жууға болмайды.
- **Ыдыс жуғыш машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.** Бұл жақсы нәтижеге қол жеткізу және энергияны тиімді тұтыну үшін өте маңызды.
- Ыдыс жуғыш машинаға тым ұсақ заттарды салмаңыз, олар себеттен құлап кетуі немесе жуылмауы мүмкін, себебі бүріккіш ағыны ішке кірмейді.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ, F сур

- Әр жуған сайын ылғалдың жиналуына және ішінде жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін су берілуін өшіріп, машинаның есігін ашық қалдыру ұсынылады.

Аспап бөлшектерін қолданғаннан кейін оны үнемі тазалаңыз. Аспапты оның тұрақты жұмыс істеуі үшін тазалау қажет.

- Тазалаудан бұрын аспапты желіден ажыратыңыз және толығымен суытыңыз.
- Аспаптың корпусын дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Басқару панеліне күтім көрсету үшін құрғақ және жұмсақ шүберек майлықты қолданыңыз.

Еш жағдайда аспапты ток соғу қауіптілігінен суға салмаңыз.

- Егер машинаны ұзақ уақыт пайдалануды жоспарламасаңыз, оны өшіруден бұрын, ыдыс-аяқсыз толық жуу циклын жүргізу, содан кейін су беруді өшіріп, аспапты желіден ажыратып, машинаның есігін ашық қалдыру ұсынылады. Бұл тығыздағыштардың қызмет ету мерзімін ұзартады және жағымсыз иістердің пайда болуын болдырмайды.

Машинаның есігін немесе басқару панелін тазалау үшін аэрозольды тазартқышты, сондай-ақ қажақты құралдарды ешқашан пайдаланбаңыз, себебі бұл зақым келтіруі мүмкін. Қағаз сүлгілерді сызат қалдыру немесе бет үстіне дақ қалдыру қаупі үшін пайдаланбаңыз. Есікті таза, жұмсақ, дымқыл түксіз матамен тазалаңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз.

Сүзгіні тазалау, F-1 сур

Сүзу жүйесі ірі тамақ қалдықтарының немесе басқа заттардың сорғыға түсуіне жол бермеуге арналған. Тамақ қалдықтары кейде сүзу жүйесін бұғаттауы мүмкін.

1. Бұғаттан шығару үшін сүзгіні сағат тіліне қарсы солға бұраңыз. Сүзгіні үстіге қарай тартып, машинадан шығарыңыз.
2. Сүзгі үш бөліктен тұрады. Оны бөлшектеп, ағынды сумен шайыңыз. Мұқият тазалау үшін жұмсақ щетканы қолдануға болады.
3. Тазалағаннан кейін сүзгіні жинап, қайтадан ыдыс жуғыш машинаға салыңыз.

Ескертпелер:

- Сүзгіні аптасына бір рет тазалау ұсынылады.
- Тазалау кезінде деформацияға жол бермеу үшін сүзгіні соқпаңыз.

Ыдыс жуғыш машинаны орнатылған сүзгісіз пайдалануға тыйым салынады.

Бүріккішті тазалау, F-2 сур

Кермек судан әк шөгінділері, тамақ қалдықтары саңылауларды бітемеуі үшін бүріккішті үнемі тазалап отыру керек.

1. Бүріккішті шешіп алу үшін үстіге қарай тартыңыз.
2. Бүріккішті ағынды сумен шайыңыз. Саңылауларды жұмсақ щеткамен немесе саңылауларды тазалауға арналған жіңішке құралмен абайлап тазалаңыз.
3. Бүріккішті қайтадан орнатыңыз.

Ескертпе: Бүріккішті айына бір рет немесе қажет болған жағдайда жиі тазалау ұсынылады.

Қақтан тазарту

Егер аспаптың ішкі бөлігі қатты ластанған болса, әк қағы пайда болса, өндірушінің нұсқауларын қатаң қадағалай отырып, қақты жою үшін арнайы құралды немесе ақ сірке суын қолданыңыз.

Ол үшін сүзгіні машинадан шығарып, оны ыдыс-аяқ себетіне салыңыз. «Қарқынды жуу» бағдарламасын іске қосыңыз. Ыдыс-аяқтар болмауы керек. 2-10минуттен кейін. түймесін басып, машинаның есігін абайлап ашыңыз. 100 мл ақ сірке суын немесе қақтың пайда болуына қарсы 50 г арнайы құралды қосыңыз. түймесін тағы бір рет басыңыз. Бағдарлама жұмысының соңында аспаптың ішкі бөлігінде әк қабықшасының аздаған мөлшері болуы мүмкін. Қабықшаны шүберекпен немесе сүлгімен абайлап сүртіңіз. Егер ыдыс жуғыш машинасында сірке суының иісі немесе қақтың пайда болуына қарсы құрал болса, «Стерилизация» бағдарламасын ыдыс-аяқсыз пен жуғыш құралсыз іске қоса аласыз.

ТАСЫМАЛДАУ

Егер аспапты бір жерден екінші жерге жиі тасымалдайтын болсаңыз, қаптаманы сақтаңыз. Ыдыс жуғыш машинаны тек тігінен жылжытыңыз. Құбыршектер мен кәбілдің қысылмағанына көз жеткізіңіз.

1. Ыдыс жуғыш машинаны электр қуатынан ажыратыңыз.
2. Су беруді жабыңыз, су беру құбыршегін ажыратыңыз және су беру құбыршегінен суды ағызыңыз.
3. Су ағызу құбыршегін ажыратыңыз.
4. Сүзгіні шығарып, аспаптың төменгі бөлігіндегі суды ысқыш және шүберекпен алып тастаңыз. Сүзгіні қайта орнына орнатыңыз.
5. Аспаптың барлық бөлігін құрғатыңыз.

Қысқы уақытта аспапты қату нәтижесінде туындайтын зақымданудан қорғау керек.

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ықтимал проблема	Ықтимал себеп	Шешу тәсілдері
Аспап қосылмайды	1. Қуат кәбілі желіге қосылмаған. 2. Электр қуат көзінің желісінде кернеу жоқ. 3. Судың төмен қысымы. 4. Аспаптың есігі тығыз жабылмаған.	1. Қуат кәбілінің желіге қосылғанына көз жеткізіңіз. 2. Аспапты электр қуат желісінен ажыратыңыз және кернеудің қалыпқа келуін күтіңіз. 3. Тиісті параметрлермен су құбыржолына қосылғанын тексеріңіз. Судың берілуі ашылғанына көз жеткізіңіз. 4. Есікті шертпекке дейін мықтап жабыңыз.
Ыдыс жуғыш машинадан су ақпайды	1. Сүзгі бітелген. 2. Бағдарлама әлі аяқталған жоқ. 3. Су ағызу құбыршегі бүгілген.	1. Сүзгіні тазалаңыз. 2. Бағдарламаның аяқталуын күтіңіз. 3. Су ағызу құбыршегін тексеріңіз.
Шу	1. Бүріккіш себеттегі ыдысқа тиеді 2. Ыдыс-аяқ себетке берік орнатылмаған	1. Бағдарламаның орындалуын тоқтатыңыз және ыдыс-аяқты бүріккіштің жұмысына кедергі келтірмейтіндей етіп орнатыңыз. 2. Бағдарламаның орындалуын тоқтатып, ыдыстарды қайта орнатыңыз.
Ыдыс жууға арналған камерадағы көбік	Жуғыш құрал дұрыс емес	Тек арнайы жуғыш құралды қолданыңыз. Көбік пайда болған кезде бағдарламаны тоқтатыңыз, ыдыс жуғыш машинаны ашыңыз, көбік тұнғанға дейін күтіңіз. Есікті жауып, шаю бағдарламасын іске қосыңыз.
Ыдыс кепкен жоқ	1. Су ыдыс-аяқтың шұңқырларында жиналады. 2. Ыдыс-аяқ тым ерте шығарылған, кептіру процесі аяқталмаған	1. Ыдыс-аяқты дұрыс орналастыру бойынша ұсыныстарды орындаңыз. Шыныаяқтар, тәрелкелер және т.б. төңкеріп қойыңыз. 2. Бағдарламаның аяқталуын күтіңіз.
Пластиктен жасалған ыдыс-аяқ кепппеген	Пластиктің қасиеттері.	Пластикалық ыдыс-аяқтардың төмен жылу жинақтау қасиеттері бар және баяу кебеді.
Жуу сапасы төмен	1. Ыдыс-аяқ дұрыс орналаспаған немесе ол тым көп. 2. Дұрыс таңдалмаған бағдарлама. 3. Жуғыш құрал жеткіліксіз. 4. Бүріккіш бұғатталған. 5. Бөлікте жуғыш құрал қалады. Бөлік ыдыс-аяқтармен бұғатталған.	1. Ыдыс-аяқты дұрыс орналастыру бойынша ұсыныстарды орындаңыз. Ыдыс жуғыш машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. 2. Қарқынды жуу бағдарламасын таңдаңыз. 3. Жуғыш құралдың көп мөлшерін қолданыңыз немесе оны басқасына ауыстырыңыз. 4. Ыдыс-аяқтарды бүріккіштің қозғалысына кедергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз. 5. Ыдыс-аяқтарды дұрыс орналастырыңыз.

АҚАУЛЫҚ КОДТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

DW4001TD

Қателік коды	Мәні	Ықтимал себеп
E2	Судың болмауы немесе су құю уақыты тым ұзақ	• Су беру құбыршегі дұрыс қосылмаған, бүгілген, басылған. • Су ағыны жоқ (су құбыржолының краны ашылмаған; үйдегі су қысымы жеткіліксіз).
E4	Белгіленген температураға дейін қыздырылмаған	Қыздыру элементінің немесе датчиктің ақаулығы.
E5	Судың толып кетуі/ағуы	Су ағып жатыр.
E7	Су жеткіліксіз	Су ағып жатыр, сорғы жұмысын тоқтатады, микро сөндіргіш сөндірулі.
E10	Судың жоғары деңгейі	Су ағынының көлемі белгіленген мәннен асады.

DW4002TD

Басқару тақтасындағы көрсеткіштер (жарық диодтары)	Мәні	Ықтимал себеп
LED1+LED11	Сумен беру туралы ескерту	• Су беру құбыршегі дұрыс қосылмаған, бүгілген, басылған. • Су ағыны жоқ (су құбыржолының краны ашылмаған; үйдегі су қысымы жеткіліксіз).
LED2+LED5	Температура датчигінің ақаулығы	Температура датчигі бар платаның үзілуі немесе қысқа тұйықталуы.
LED5+LED10	Су жеткіліксіз	Су ағып жатыр, сорғы жұмысын тоқтатады, микро сөндіргіш сөндірулі.
LED5+LED11	Қыздыру элементінің ақаулығы	Қыздыру элементі жұмыс істемейді, қыздыру элементі бар платадағы температура реттегіші сөндірілген (бір температура реттегіші жұмысты автоматты түрде қалпына келтіруі керек, екіншісі қолмен қалпына келтіріледі).
LED2+LED10	Судың жоғары деңгейі туралы ескерту	Су ағынының көлемі белгіленген мәннен асады.



Толып кету немесе ағып кету жағдайында негізгі су беру кранын жауып, сервис орталығына хабарласыңыз.

- Егер судың төгілуінен немесе аздап жылыстауынан түпқоймада су болса, ыдыс жуғыш машинаны қайта іске қосудан бұрын суды жою қажет.

ӨНІМНІҢ СЕРТИФИКАТТАЛУЫ

сәйкестік сертификаты туралы ақпаратты http://www.oursson.com/rus/ru/about/partners/certificates/#tab0 сайтынан қараңыз немесе сатушыдан көшірмесін сұраңыз.

Техникалық сипаттамалары	
Үлгісі	DW4001TD / DW4002TD
Тұтынылатын қуаты, Вт.	max 850
Электр қуатының параметрлері	220-240 В~; 50-60 Гц
Ыдыс-аяқ жиынтықтарының саны	4
Стандартты бағдарлама үшін орташа су шығыны, л/цикл	5
Энергия тиімділігінің класы	A
Жуу сапасының класы	A
Су қысымы	0.03-0.6МПа
Суды қыздырудың ең жоғары температурасы, С	72
Дисплей	Иә
Орнату түрі	Бөлек тұрған (үстел үсті)
Кіріктіру мүмкіндігі	Жоқ
Тасымалдау температурасы	I
Пайдалану температурасы	-25 °С-тан +35 °С-қа дейін
Сақтау температурасы	+5 °С-тан +35 °С-қа дейін
Сақтау, тасымалдау және пайдалану кезіндегі ауаның ылғалдылығына қойылатын талаптар	0 °С-тан +35 °С-қа дейін
Қорғаныс класы	15 - 70% конденсат түзусіз
Аспаптың өлшемдері, мм (БхЕхТ)	430x400x410
Аспаптың салмағы, кг	10,5

***Өнімдер құрғақ, желдетілетін қойма бөлмелерінде 0°С-тан төмен болмайтын температурада сақталуы керек.**

Құрылғыны жөндеу жұмыстарын тек OURSSON уәкілетті сервис орталығының білікті маманы ғана жүргізуі тиіс

СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

OURSSON компаниясы біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғысын білдіреді. Бұл бұйым сіздің қажеттіліктеріңізді қанағаттандыруы үшін, ал сапасы үздік әлемдік үлгілерге сәйкес болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Егер OURSSON маркалы бұйымыңыз техникалық қызмет көрсетуді қажет ететін болса, уәкілетті сервистік орталықтардың (бұдан әрі – УСО) біріне хабарласуыңызды сұраймыз. УСО толық тізімімен және олардың нақты мекенжайларымен www.oursson.ru сайтында, сондай-ақ OURSSON тегін сенім телефонына қоңырау шалу арқылы таныса аласыз. OURSSON өніміне байланысты сұрақтар немесе проблемалар туындаған жағдайда, тұтынушылардың тиісті емес сапалы тауарға қатысты талаптарын қабылдауға және қанағаттандыруға уәкілетті ұйымға жазбаша түрде немесе info@oursson.ru электрондық пошта арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

OURSSON кепілдік міндеттемелерінің шарттары:

1. OURSSON УСО ұсынатын OURSSON кепілдік міндеттемелері тек осы елде сатып алынған, осы елдің стандарттарына сәйкестікке сертификаттаудан өткен, сондай-ақ ресми сәйкестік белгілерімен таңбаланған кепілдік қызмет көрсетілетін елдің аумағында өндіруге немесе жеткізуге және сатуға арналған OURSSON модельдеріне ғана қолданылады.
2. OURSSON кепілдік міндеттемелері тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама шеңберінде әрекет етеді және аумағында ұсынылған елдің заңнамасымен реттеледі және бұйымды тек жеке, отбасылық немесе үй қажеттіліктері үшін пайдаланған жағдайда ғана реттеледі. OURSSON кепілдік міндеттемелері тауарларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында немесе кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарларды сатып алуға байланысты пайдалану жағдайларына қолданылмайды.
3. OURSSON өз бұйымдарына келесі қызмет ету мерзімін және кепілдік мерзімін белгілейді:

Өнімнің атауы	Қызмет ету мерзімі, сатып алған күннен бастап ай	Кепілдік мерзімі, сатып алған күннен бастап ай
Қысқа толқынды пештер, нан пісіретін пештер, индукциялық плиталар	60	12
Мульти пісіргіштер, ас үй процессорлары, ас үй машиналары, электрлі шәйнектер, электрлі грильдер, блендерлер, араластырғыштар, ет тарткыштар, тостерлер, термопоттар, ростерлер, кофеқайнатқыштар, бумен пісіргіштер, шырын сыққыштар,	36	12
Өнімнің атауы	Қызмет ету мерзімі, сатып алған күннен бастап ай	Кепілдік мерзімі, сатып алған күннен бастап ай
ұсақтағыштар, дегидраторлар, йогурт жасағыштар, ферментаторлар, шағын духовкалар, мұздатқыштар, тоңазытқыштар, автоматты кофеқайнатқыштар, стерилизатор, жылытқыш	36	12
Ай үс таразысы, сифондар	24	12

4. OURSSON кепілдік міндеттемелері ауыстыру конструкциясында көзделген болса және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, төменде көрсетілген бұйымның керек-жарақтарына қолданылмайды:
   - Қуат элементтері.
   - Қаптар, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құрал-сайман, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
5. Кепілдік тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау немесе тасымалдау қағидаларын бұзуы, үшінші тұлғалардың іс-әрекеті немесе еңсерілмейтін күш салдарынан бұйымда туындаған кемшіліктерге қолданылмайды, келесі жағдайлар қоса алынады, бірақ олармен шектелмейді:
   - Егер тауардың кемшілігі ұқыпсыз пайдалану, тауарды мақсатсыз пайдалану, пайдалану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған пайдалану шарттары мен қағидаларын бұзу, оның ішінде жоғары немесе төмен температуралардың, жоғары ылғалдылықтың немесе шаңның әсерінің, аспап корпусын ашу және/немесе өз бетімен жөндеу іздерінің, қуат желілері параметрлерінің мемлекеттік стандарттарына сәйкес келмеуінің, корпус ішіне сұйықтықтың, жәндіктер және өзге бөгде заттардың, заттектердің түсуі, сондай-ақ бұйымның оның жұмысының шекті режимдерінде ұзақ пайдаланылуының салдарынан болса.
   - Судың сапасы мен қақ шөгіндісінен болатын зақымданулар мен ақаулар (қақтан тазарту және тазарту кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді және оны өзіңіз YHEMI жасап отыруыңыз керек).
   - Егер тауардың кемшілігі тауарды рұқсатсыз тестілеу немесе оның конструкциясына немесе оның бағдарламалық жасақтамасына кез келген өзгерістер енгізу, соның ішінде OURSSON уәкілеттік бермеген жөндеу ұйымында жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету әрекеттерінің салдары болып табылса.
   - Егер тауардың кемшілігі стандартты емес (типтік емес) және (немесе) сапасыз керек-жарақтарды, аксессуарларды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін пайдаланудың салдары болып табылса.
   - Егер тауардың кемшілігі OURSSON осы тауармен қолдануға ұсынғаннан қосымша жабдықтан басқа қосымша жабдықпен (аксессуарлармен) қолдануға байланысты болса. OURSSON үшінші тұлғалар өндірген

қосымша жабдықтың (аксессуарлардың) сапасы үшін, осындай жабдықпен бірге өз өнімдерінің жұмыс сапасы үшін, сондай-ақ басқа өндірушілердің бұйымдарымен бірге OURSSON компаниясы шығарған қосымша жабдықтың жұмыс сапасы үшін жауапкершілік көтермейді

6. Қызмет ету мерзімі кезеңінде анықталған тауардың кемшіліктерін осыған уәкілеттік берілген жөндеу ұйымдары (УСО) жояды. Кепілдік мерзімі ішінде кемшіліктерді жою толтырылған кепілдік талонының және бөлшек сатып алу-сату шартын жасау фактісі мен күнін растайтын құжаттардың (тауарлық, кассалық чек және т.б.) түпнұсқасын ұсынған кезде тегін жүргізіледі. Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда кепілдік мерзімі тауар дайындалған күннен бастап есептеледі. Бұл ретте мынаны ескеру керек:
   - Оған қоса берілген құжаттамада сипатталған бұйымды баптау және орнату (құрастыру, қосу және т.б.) OURSSON кепілдік міндеттемелерінің көлеміне кірмейді және оны пайдаланушының өзі және тиісті бейіндегі уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының мамандары да ақылы негізде орындай алады.
   - Бұйымдарға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар (қозғалатын бөлшектерді тазалау және майлау, шығыс материалдары мен керек-жарақтарды ауыстыру және т.б.) ақылы негізде жүргізіледі.
7. OURSSON өз өнімінен адамдарға, үй жануарларына, мүлікке тікелей немесе жанама түрде келтірілген зиян үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, сақтау, тасымалдау немесе орнату қағидалары мен шарттарын қадағаламау нәтижесінде болған жағдайда; тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінен болған жағдайда жауапкершілік көтермейді.
8. OURSSON еш жағдайда қандай да бір ерекше, кездейсоқ, тікелей немесе жанама залал немесе зиян, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, коммерциялық, өндірістік немесе басқа қызметтегі үзілістерден туындаған, бұйымды пайдалану немесе пайдалану мүмкін еместігінен туындаған шығындар үшін жауапкершілік көтермейді.
9. Өнімді тұрақты жетілдіру салдарынан дизайн элементтері мен өнімнің кейбір техникалық сипаттамалары өндіруші тарапынан алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

Бұйымды қызмет ету мерзімі өткеннен кейін пайдалану:

1. OURSSON осы бұйым үшін белгілеген қызмет ету мерзімі бұйымды тек жеке, отбасылық немесе үй қажеттіліктері үшін пайдаланған жағдайда, сондай-ақ тұтынушы бұйымды пайдалану, сақтау және тасымалдау қағидаларын сақтаған жағдайда ғана жарамды. Бұйымды ұқыпты пайдалану және пайдалану қағидаларын қадағалаған жағдайда нақты қызмет ету мерзімі OURSSON белгілеген қызмет ету мерзімінен асып кетуі мүмкін.
2. Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін бұйымға профилактикалық қызмет көрсетуді жүргізу және оның одан әрі пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін уәкілетті сервистік орталыққа жүгіну қажет. Бұйымға профилактикалық қызмет көрсету және оның диагностикасы жөніндегі жұмыстарды сервистік орталықтар ақылы негізде орындайды.
3. OURSSON қызмет ету мерзімі аяқталғаннан бұйымды Уәкілетті қызмет көрсету орталығында профилактикалық қызмет көрсетусіз пайдалануды жалғастыруды ұсынбайды, себебі бұл жағдайда бұйым тұтынушының өміріне, денсаулығына немесе мүлігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Бұйымды кәдеге жарату

Осы тұрмыстық электр құрылғысының ЕО 2002/96/EG директивасының талаптарына сәйкес қызмет ету мерзімі өткен электрлік және электронды құрылғылар туралы (waste electrical and electronic equipment – WEEE) белгісі бар. Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес одан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы аса толық ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



Өндірілген күні

Әр бұйымға әріптік-цифрлық қатар түріндегі бірегей сериялық нөмір тағайындалады және келесі ақпаратты: тауар тобының атауын, өндірілген күнін, бұйымның реттік нөмірін қамтитын штрих-кодпен қайталанады. Сериялық нөмір өнімнің артқы панелінде, қаптамада және кепілдік талонында орналасады.



Сериялық нөмір өнімнің артқы панелінде, қаптамада және кепілдік талонында орналасады.

❶ Алғашқы екі әріп – тауар тобына сәйкестік (ыдыс жуғыш машина - DW).
❷ Алғашқы екі сан – өндірілген жылы.
❸ Екінші екі сан – өндірілген айы.
❹ Соңғы сандар – бұйымның сериялық нөмірі.

Түсінбеушілікке жол бермеу үшін сізден бұйымды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және кепілдік міндеттемелердің шарттарын мұқият оқуыңызды, кепілдік талонның дұрыс толтырылғанын тексеруіңізді сұраймыз. Бұйымның моделі, сериялық нөмірі, сатып алу күні дұрыс және айқын көрсетілген, сатушы-фирманың айқын мөрі, сатып алушының қолы болған жағдайда кепілдік талоны жарамды болады. Бұйымның сериялық нөмірі мен моделі кепілдік талонында көрсетілгендерге сәйкес келуі керек. Бұл шарттар бұзылған кезде, сондай-ақ кепілдік талонда көрсетілген деректер өзгертілген немесе өшірілген жағдайда талон жарамсыз деп танылады

Егер OURSSON өнімдеріне қатысты сұрақтарыңыз болса немесе проблемалар туындаса - бізге support@oursson.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.

Бұл нұсқаулық халықаралық авторлық құқық туралы заңнамамен және ЕО заңнамасымен қорғалған. Нұсқаулықтарды кез-келген түрде рұқсатсыз пайдалану, оның ішінде көшірме жасау, басып шығару және тарату, бірақ онымен шектелмей, пайдалану кінәлінің азаматтық жауапкершілікке тартылуын болжайды және қылмыстық жауапкершілікті қамтиды.

Байланыс ақпараты:

1. Өнімнің өндірушісі Zhongshan Galanz Consumer Electric Appliances Co., Ltd, №3 XINGPU ROAD EAST, HUANGPU TOWN, ZHONGSHAN CITY, GUANGDONG, Қытай..
2. Өнім сертификациясы туралы ақпарат www.oursson.com сайтында қолжетімді.

Қытайда жасалған

ИНСТРУКЦИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ, Рис. A

RU



Символ опасности
Напоминание пользователю о высоком напряжении.



Символ предупреждения
Напоминание пользователю о необходимости проведения всех действий в соответствии с инструкцией.



Символ опасности ожога
Напоминание пользователю о высокой температуре.

При использовании электрических приборов следует соблюдать следующие меры предосторожности:

- Используйте прибор согласно данному руководству по эксплуатации.
- Устанавливайте прибор на устойчивую поверхность.
- Используйте только приспособления, входящие в комплект устройства.
- Чтобы предотвратить риск пожара или удара током, избегайте попадания в устройство воды и эксплуатации устройства в условиях высокой влажности. Если по каким-то причинам вода попала внутрь устройства, обратитесь в уполномоченный сервисный центр (УСЦ) OURSSON.
- Для электропитания прибора используйте электросеть с надлежащими характеристиками.
- Не используйте прибор в помещениях, где в воздухе могут содержаться пары легковоспламеняющихся веществ.
- Никогда самостоятельно не вскрывайте устройство – это может стать причиной поражения электрическим током, привести к выходу прибора из строя и аннулирует гарантийные обязательства производителя. Для ремонта и технического обслуживания обращайтесь только в сервисные центры, уполномоченные для ремонта изделий торговой марки OURSSON.
- При перемещении устройства из прохладного помещения в теплое и наоборот распакуйте его перед началом эксплуатации и подождите 1-2 часа, не включая.
- В целях предотвращения поражения электротоком не допускайте погружения проводов или всего изделия в воду.
- Будьте особенно осторожны и внимательны, если рядом с работающим прибором находятся дети.
- Не дотрагивайтесь до горячих поверхностей прибора, это может привести к травме.
- Шнур питания специально сделан относительно коротким во избежание риска получения травмы.
- Не допускайте свисания шнура через острый край стола или его касания нагретых поверхностей.
- Не подключайте данный прибор к сети, перегруженной другими электроприборами: это может привести к тому, что прибор не будет функционировать должным образом.
- Не устанавливайте изделие вблизи газовых и электрических плит, а также духовок.
- Не используйте прибор при поврежденном шнуре питания, а также в случаях, если нарушена нормальная работа изделия, если оно падало или было повреждено каким-либо другим образом.
- При отключении изделия от сети держитесь только за вилку, не тяните за провод – это может привести к повреждению провода или розетки и вызвать короткое замыкание.
- По окончании использования отключите изделие от сети.
- Оберегайте устройство от ударов, падений, вибраций и иных механических воздействий.
- Обязательно отключайте устройство от сети перед началом мойки.
- Не используйте изделие вне помещений.
- Этот прибор не предназначен для использования людьми (включая детей) с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями, или нехваткой опыта и знаний. Они могут пользоваться прибором только под наблюдением человека, ответственного за их безопасность, или после инструктажа по безопасному использованию прибора. Не позволяйте детям играть с изделием.
- Настоящее изделие предназначено только для использования в быту.
- Не используйте при чистке прибора абразивные материалы и органические чистящие средства (спирт, бензин и т.д.). Для чистки корпуса прибора допускается использование небольшого количества нейтрального моющего средства.

РЕКОМЕНДАЦИИ

- Перед использованием устройства внимательно ознакомьтесь с руководством пользователя. После чтения, пожалуйста, сохраните его для использования в будущем.
- Все иллюстрации, приведенные в данной инструкции, являются схематичными изображениями реальных объектов, которые могут отличаться от них.
- Переносить устройство следует, только держась за его основание.

Эксплуатация данного прибора ни в коем случае не подразумевает применение к нему физической силы, так как это может привести к поломке изделия по вине пользователя.

- Запрещается использовать удлинители или адаптеры для данного прибора, Рис. A
- Не помещайте на дверцу тяжелые предметы, когда она открыта, не облокачивайтесь на нее, Рис. A. Прибор может наклониться вперед. Не оставляйте прибор с открытой дверцей без присмотра.
- Запрещается использовать прибор, если температура окружающей среды ниже 0°C градусов, Рис. A.
- Не прикасайтесь к нагревательному элементу вовремя или сразу после использования.
- Во время работы посудомоечной машины открывайте дверцу очень осторожно. Существует риск

разбрызгивания воды, а также выходящий пар может иметь высокую температуру. Это может привести к ожогам.

Держите детей подальше от моющего средства, а также подальше от открытой дверцы посудомоечной машины. Не позволяйте детям пить воду, находящуюся в устройстве. Вода может быть загрязнена остатками моющих средств. Моющие средства могут быть чрезвычайно опасными при проглатывании. Избегайте контакта с кожей и глазами.

- Не допускайте накопления вокруг прибора и под ним горючих материалов, например, ворса, бумаги, тряпок и химических веществ.
- Убедитесь, что отделение для моющего средства опустело после завершения цикла мойки.
- Посудомоечная машина предназначена для мойки обычных предметов домашнего обихода. Запрещается мойка в посудомоечной машине предметов, загрязненных бензином, краской и т.д.
- Избегайте резких перепадов температуры и влажности.

Не превышайте максимальное количество 4 комплектов посуды.

УСТАНОВКА И ПОДКЛЮЧЕНИЕ, Рис. B

- Распакуйте устройство и удалите весь упаковочный материал.
- Проверьте наличие принадлежностей. Наличие потеков и пятен от воды внутри устройства является нормальным явлением.
- Сохраните заводскую упаковку.
- Осмотрите устройство на наличие дефектов и деформаций.
